

АИТВ жайында көбірек біл!



Біздің мекен-жайымыз:

Ақмола облыстық ЖИТС-пен күрес және алдын алу орталығы
Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 29.
Сенім телефоны: 8(7162) 40-15-69

тегін таратылады

ЖИТС және АИТВ

➔ ЖИТС – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы. Синдром - белгілі бір аурулардың жиынтығы. ЖИТС АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдарда дамиды және осы аурудың соңғы кезеңі болып табылады.

➔ АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы. Ол адам денесінің әр жерін, ең бастысы — иммундік жүйесін жаулап алады. АИТВ жұқтырған адамдарды «АИТВ-жұқтырғандар» дейді. АИТВ жұқтырған және ЖИТС ауырған – бірдей емес. АИТВ жұқтырған сәттен ЖИТС даму ұзақтығы 7 жылдан 15 жылға, одан да көп жылға баруы мүмкін. АИТВ ЖИТС кезеңіне көшкенге дейін адам өзін жақсы сезініп, сау болып көрініп, сырқат екенін білмеуі мүмкін.

АИТВ қалай ЖИТС кезеңіне ауысады?

➔ АИТВ имунитеттің маңызды клеткаларын өлтіреді. Ол баяу өтеді, бірақ ең соңында иммунотапшылыққа әкеліп, иммундік жүйе кез-келген ауруларға қарсы тұра алмайды. Кімнің денсаулығы ең басынан әлсіз, соларда ЖИТС тез дамиды. Сонымен қатар темекі шегу, ішімдікке салыну, есірткі қабылдау, нашар тамақтану және стресс теріс ықпал жасайды. Иммунитет нашарлағанда адамда оппортунистік аурулар дамуы мүмкін, олар имунитетті бүлінбеген адамдарда болмайды.

АИТВ-ты қалай анықтауға болады?

➔ АИТВ ағзада 7-15 жыл дамуы мүмкін, денсаулық ақау бере бастағанда ғана байқалады. Бұл арада адам өзін жақсы сезініп, ауру жұқтырғанын білмеуі мүмкін. Оны анықтаудың жалғыз жолы – АИТВ-қа антидене бар-жоғын білу үшін қанды тестілеу.

АИТВ-на антидене тесті дегеніміз не?

➔ Тест адам қанында АИТВ-на ерекше антидене бар-жоғын анықтайды.

➔ Оң нәтиже – адамда АИТВ антидене барын көрсетеді. Ол адамның АИТВ жұқтырғандығын болжауға негіз болады.

➔ Теріс нәтиже АИТВ антидене жоқтығын білдіреді. Тест теріс нәтиже беретін кездер:

- егер адам АИТВ жұқтырмаған болса;
- егер адам АИТВ жұқтырған, бірақ ағза вируске антидене әлі шығармаған (басқаша айтқанда «терезе кезеңі»).

«Терезе кезеңі» дегеніміз не?

➔ АИТВ жұққанына жауап ретінде қанда бұл вируске антидене шыға бастайды. Бұл үшін ағзаға 2 аптадан 3 айға дейін уақыт керек. Бұл кезеңнің ұзақтығы 6 айдан асуы өте сирек кездеседі. «Терезе кезеңі» кезінде вирус бар болып, антидене әлі жоқ болады, АИТВ-на антидене тестілеу теріс нәтиже береді. 3-6 айдан кейін қанды қайтадан тексеру әрдайым қажет. «Терезе кезеңі» кезінде АИТВ жұқтырған адам АИТВ-ты басқа адамдарға таратуы мүмкін.

Тесті қайда өтуге болады?

➔ Кез-келген ЖИТС орталығында және АИТВ-ға тексеретін кез-келген емдеу-профилактикалық мекемеде тегін өткізіледі.

Менде АИТВ бар-жоғын неге білуім керек?

➔ Аурудың дамуын тоқтататын арнайы дәрі-дәрмектерді кезінде қабылдап, ЖИТС дамуына жол бермеуге.

➔ Өз денсаулығыма көбірек көңіл бөлу үшін, себебі АИТВ-инфекция болғанда кез келген ауру күрделеніп, арнайы емдеуді талап етеді. Әсіресе гепатит, туберкулез, жыныстық аурулар болса. Өз жақындарыма және сүйікті адамдарыма жұқтырмау үшін.

АИТВ қалай жұғады?

➔ АИТВ ағзаның белгілі бір сұйықтары арқылы жұғады:

- қан,
- шәуһет,
- қыныптық секреті,
- емшек сүті.

➔ жұғуы мүмкін:

- жынысқапсыз жыныстық қатынасқа барғанда;
- ағзаға жарақат арқылы, қан құйғанда, адам органдарын ауыстырғанда;
- стерильді емес шприцтер және инелер пайдаланған кезде;
- анандан балаға жүкті кезінде, босанғанда немесе емізгенде жұғуы мүмкін.

Қалай жұқтырмауға болады?

➔ Өте қарапайым! Ағзаңызға қанның, шәуһеттің, қыныптық секреттің, басқа адамның емшек сүтінің түсуіне жол бермеу. Бұл дегенің:

- Сау тері! Сау клегейлер! Сау тістер!
- Кез келген жыныстық қатынаста латекстен немесе полиуританнан жасалған мүшеқаптарды пайдалану.
- Әрдайым медициналық ем-шаралар үшін бір реттік және/немесе стерильді саймандарды пайдалану.

АИТВ жұқпайды:

➔ Жұғу салдарының ауыртапшылығына қарамастан АИТВ өзі осал ағза. Ол тек қана адам ағзасының сұйықтарында болады және тек клетка ішінде көбейеді. Вирус 60 °C температурасы кезінде өледі. Сондықтан күнделікті қатынастарда жұқтыру қаупі жоқ: мысалы, амандасқанда, құшақтасқанда, сүйіскенде, ортақ ыдыспен, бассейнмен, дәретханамен, төсек орынмен пайдаланғанда.

АИТВ-жұқтырғандар кімдер?

➔ Олар өмірлік қиын жағдайға тап болғандар, медициналық көмекке және туыстарының қолдауына мұқтаж адамдар.

Узнай о ВИЧ больше!



Наш адрес :

Акмолинский областной центр
по профилактике и борьбе со СПИД
г.Кокшетау, ул.Темирбекова 29
Телефон доверия: 8 (7162) 40-15-69

распространяется бесплатно

СПИД и ВИЧ

- СПИД – Синдром Приобретенного иммунодефицита. Синдром, это набор определенных проявлений болезни – симптомов. СПИД развивается у людей, заразившихся ВИЧ-инфекцией, и является конечной стадией этой болезни.
- ВИЧ – Вирус Иммунодефицита Человека. Он поражает разные клетки тела человека, и в первую очередь – иммунной системы. Людей, зараженных ВИЧ, называют «ВИЧ-инфицированными». ВИЧ-инфицированный и больной СПИДом – не одно и то же. С момента заражения ВИЧ до развития СПИД может пройти от 7 до 15 лет и больше. Пока ВИЧ не перешел в стадию СПИД, инфицированный человек может чувствовать себя хорошо, выглядеть здоровым и даже не подозревать, что заражен.

Как ВИЧ переходит в стадию СПИДа?

- ВИЧ убивает важные клетки иммунитета. Это происходит медленно, но в итоге приводит к иммунодефициту, когда иммунная система не может уже эффективно бороться с любыми заболеваниями. СПИД быстрее развивается у тех, чье здоровье изначально слабое. Также негативно влияют курение, злоупотребление алкоголем, употребление наркотиков, плохое питание и стрессы. Когда иммунитет ослаблен, у человека могут развиваться заболевания необычные для людей неповрежденным иммунитетом – оппортунистические заболевания.

Как можно обнаружить ВИЧ?

- ВИЧ может жить в организме 7-15 лет, прежде, чем появятся какие-либо проблемы со здоровьем. В это время люди, живущие с ВИЧ, чувствуют себя хорошо и могут даже не подозревать, что заражены. Единственный путь определить это – тест крови на наличие антител к ВИЧ.

Что такое тест на антитела к ВИЧ?

- Тест определяет наличие специфических антител к ВИЧ в крови человека.
- Положительный результат значит, что у человека обнаружены антитела к ВИЧ. Это дает основание предполагать, что человек ВИЧ-инфицирован.
- Отрицательный результат значит, что антитела к ВИЧ не обнаружены. Вот ситуации, когда тест может дать отрицательный результат:
 - если человек не заражен ВИЧ;
 - если человек заражен ВИЧ, но организм еще не выработал антитела к вирусу (т.е. «период окна»).

Что такое «период окна»?

- В ответ на проникновение ВИЧ в крови начинают вырабатываться антитела к этому вирусу. Для этого организму нужно от 2 недель до 3 месяцев. Очень редко этот период длится дольше 6 месяцев. В «период окна», когда вирус уже есть, а антител еще нет, тест на антитела к ВИЧ будет отрицательным. Всегда нужен повторный анализ крови через 3-6 месяцев. В «период окна» инфицированный человек уже может передавать ВИЧ другим людям.

Где можно пройти тест?

- В любом центре СПИД и в любом лечебно-профилактическом учреждении, где делают анализы на ВИЧ.

Зачем мне знать, есть ли у меня ВИЧ?

- Чтобы вовремя начать применять специальные препараты, останавливающие развитие болезни, и не допустить развития СПИДа.
- Чтобы быть еще более внимательным к своему здоровью, т.к. любое заболевание на фоне ВИЧ-инфекции протекает тяжелее и требует специального лечения. Особенно это относится к венерическим заболеваниям, гепатитам и туберкулезу.
- Чтобы не заразить своих близких и любимых людей.

Как происходит заражение ВИЧ?

- Вирус передается только через определенные жидкости организма. Это:
 - кровь,
 - сперма,
 - вагинальный секрет,
 - грудное молоко.

Это значит, что заразиться можно:

- при сексуальном контакте без презерватива;
- при прямом попадании крови в организм через ранки, слизистые оболочки, при переливании крови и трансплантации органов;
- при использовании нестерильных шприцев и игл;
- от матери к ребенку во время беременности, родов или кормления грудью.

Как предотвратить заражение?

- Очень просто! Достаточно предотвращать попадание в ваш организм крови, спермы, вагинального секрета и грудного молока другого человека. Это значит:
 - Здоровая кожа! Здоровая слизистая! Здоровые зубы!
 - Пользоваться презервативом из латекса или полиуретана при любом сексуальном контакте.
 - Всегда пользоваться одноразовыми и / или стерильными инструментами для медицинских процедур, связанных с проникновением в организм.

ВИЧ не передается:

- Несмотря на серьезные последствия заражения, сам ВИЧ – очень слабый организм. Он может жить только в жидкостях организма человека и размножаться только внутри клеток. Вирус погибает при температуре 60 °С. Поэтому совершенно нет опасности заразиться при бытовых контактах: дружеских поцелуях, рукопожатиях, объятиях, пользовании общей посудой, общим бассейном, туалетом, постельным бельем.

Кто такие ВИЧ-инфицированные?

- Это люди, попавшие в сложную жизненную ситуацию, и нуждающиеся не только в медицинской помощи, но и в поддержке своих близких.